

## Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 03 наурыздағы №110 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 08 сәуірде № 3785 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі бекітілсін.

2. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Серікжан Іслямұлы Бескемпіровка жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*

Бекітілді Алматы облысы әкімдігінің 2016 ж. "03" наурыз № 110 қаулысымен

## Алматы облысы бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 17.09.2020 № 345 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Орналасқан ауданы	Көлдер	Су қоймалары
1	2	3
Алакөл	1. Шошқалы 2. Теренкөл 3. Жасылкөл 4. Майқанкөл 5. Қоржынкөл 6. Сапи 7. Қамысты көлі (Белое) 8. Қисықкөл	1. Дәулет 2. Сатыбай 3. Шүмек 4. Абжанов

	9. Сарыкөл 10. Бестерек көлдері	5. Жазылбеков 6. Колесников
Ақсу	1. Бакланье көлі 2. Құрақсу көлдерінің жүйесі 3. Тұщы Рай көлдері 4. Телібай көлдері 5. Сарыкөл 6. Клинковое көлі 7. Құлынды көлдер жүйесі 8. Тобынды көлдер жүйесі 9. Үшкөл көлдері 10. Целинное көлі	1.Қызылағаш
Балқаш	1.Тумаш –Ноғас 2.Қарашаш 3.Құмарал 4.Ернат көлі	
Ескелді	1.Айсу	
Еңбекшіқазақ	1.Михайлов 2.Әулиебұлақ-2 3.Қонаев 4.Алтынкөл 5.Жетікөл 6.Азурманка-1 7.Азурманка-2	1.Натали 2.Бартоғай
Іле	1.Муларды 2.Жаңадәуір 3.Өгізбай	
Қарасай		1. Ақбұлақ
Қаратал	1. Қаңбақты 2. Ащысу 3. Қанабек 4. Келте 5. Ащыкөл 6. Тамыркөл 7. Бөкпен 8. Сарыбұлақ 9. Қарабас төгілімдері 10. Қара-бала 11. Қаракөл (кіші) 12. Сертай 13. Ағабек 14. Бескөл 15. Үшкөл	
Панфилов	1. Алтынкөл 2. Дубчункөл 3. Сарыкөл 4. Жидекөл 5. Құндызды 6. Кіші Подкова	

	7. Өсек 8. Соркөл 9. Үлкен Подкова 10. Жолманды	
Талғар	1.Али 2.Төркөл	1. Жаңалық
Ұйғыр	1. Деревянное	1. Қосағаш
Сарқан	1.Алтай көлдері 2.Тораңғы көлі 3.Ақкөл 4.Қоқышкөл 5.Актілек 6.Тазакөл 7.Жақан	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК